

Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы




Электронды пошта: labrari@mail.ru

Сайт: www.aktobeoub.kz

Телефондары: 50-44-48; 53-01-10.

Бейбішілік даңғылы, 17.

С А Ф И Ж И Е Н Б А Е В



ОРКИЙ

САФИ ЖИЕНБАЕВ

ОРКИІК



ӨЛЕНДЕР МЕН НАСТАН

Бүрдөйдөй жаңа оркілескен
Күнің отандағы оркілескен
Оркілескен оркілескен
«Жазушы» саснасын әтпематы — 1969
Мурзакүлес


САГИ ЖИЕНБАЕВ.
Ж60 Оркік. Өлеңдер мен дастан.
Алматы, «Жазушы», 1969.
88 бет. 10 000 дана. 37 т.



Саги Жиенбаевтың бұл кітабының соңғы
кезде жазған жаңа өлеңдері мен «Жаһандар
жаяғыз ағаш...» атты шагын дастаны енді.
Ақын өз шығармаларында халықтар достығын,
сәлдік пеш ерлікті, азаматтық пеш адамгерші-
лікті жырлайды, өмір жайлы толғаңады.

7—4—3
85 - 69

КАЗ 32



I. КӨКТЕМ ЗУЛАП ӨТІЛ ЖАТЫР...

Фондаменілік мәдениет жаңынан



Тұған далам,
сениң әнпак көп құсың
Кең дүниенің шарлап-сүзіп кетті ішін...
Бір жарқ өтіп түспедім ғой көзіңе,
Мені ұмытып бара жатқан жоқлысың?!


Жер түбінен жел де қалқып жеткенде,
Бір шыға алмай койдым ба ана көк белгі ..
Сирек келер қонағым деп жүрмісің
Өз төріме өзім аунал кеткенге.

Неге ұмытам,
көкіретімде сен жүрсесің,
Күндіз-түні саган қарай телмірсем.
Сениң ұлың әкенімді,
өзтегін
Күлагына күнде күйин сенілірсем.

Желдей ағып өтпелі деп кермеден,
Қайран далам,
күдер ұзбе сен менен.
Жер болуың мүмкін емес өңгеге,
Кем болуың мүмкін емес өңгеден.

Ұлым менің кешікті дес аптықпа,
Жел сөзге еріп,
сене көрме дақпыртқа...
Бір өзіңе жету үшін тезірек

Үштүм еріп аспандагы ақ бұлтқа.



...Жүрем бір бақтың ішінде
Көгілдір сәулө кілкіген...
Гайып бол кенет түсім де,
Ояпам нәзік күлкімен.

Жаңағы мәуе бағым да
Қалады көзден бұлтылдан,
Маз болып,
менің жанымда
Тұрады бөлем сыйқылдан.

Сезем де содап келгейіп,
Сергіміп дереу үйқыдан,
Баламды тұңғыш көргендей,
Күшағым жая үмтыйлам...

Оятар таңнан күліп кен,
Сәби бол ылғи көзіме,
Дүние —
тәтті қылышқен
Тартады мені өзіне.



■ ■ ■

Көктем зулап өтіп жатыр тәбемнен,
Көкшіл булар көшіп жатыр беленнен...
Белді буып,
 бір жұлдызды бетке алып,
Бір сиқырлы жолға түсіп келем мен.

Осы жолда өтеді енді өмірім,
Осы жолда қартаяды серігім.
Менен бұрын кеткендер көп бұ жолмен,
Мен бұ жолға түскендердің сонымын.

Осы жолда менің барлық асуым,
Сан асуга шыдармысың, асылым.
Менен бұрын бұ сапарға шықкан көп,
Бұ сапардың мен әзірге жасымын.

Кеткендердің көбі алдында тұр жанын,
Жарығымен жалпак сліп ырза гып.
Көрінеді әлпак-әлпак жұлдыз бол,
Көк жиектен көтерілер тұн жарып.

Көбісі оның өз қызығын ұмытқан,
Өмір-теніз келмейді оған жұлықтан.
Өзгелерді жалынымен жылытып,
Өз денесін жапып-жанып сұтқан.

Оған бүгін өңің де бір,
 түс те бір,
Еркін самғап үшса болды құс-көніл.
Өзгелердің өмірін жырмен ұзартып,
Ол өзіне тілеп алған қысқа өмір.

Мен солардың ұзартам ба ғұмырын,
Әлде шайқап аламын ба тұнығын.
Ақ сәулені әкетем бе әрірек,
Қазір менің жетер ме оған жылуым.

Киядагы жетер ме оған ыстығым,
Оятар ма көлеңкелі түстігін...
Кетер еді-ау әрі қарай жалғасып,
Жалынына жалғасса бір үшқыным.

Соңына еріп,
бір шырағы жеткенде,
Өкінбес-ау тым ертерек кеткенге,—
Бар қызуын төге алмайтын таңғы арай,
Бар қызығын көре алмайтын көктем де.

...Көктем зулап өтіп жатыр тәбемнен,
Көкшіл булар көшіп жатыр беленнен.
Жанды ұмытып,
таңды күтіп,
бел буып,
Бір сиқырлы жолға түсіп келем мен.



Кей күні көnlім жабығып,
Басса бір тұман сөсені,
Тордағы құстай сабылып,
Іздеймін, анам, мен сені.

Алысып ауру тұнімен,
Жатса да көзім ілінбей,
Мен сені жердің түбінен
Шақырам жалғыз пірімдей

Көресің бе әлде түсінде,
Сезесің бе әлде, апашым,
Қап-қара түннің ішінде
Сен ұшып келе жатасың.

Табынар жалғыз тәңрімнің
Сезем де қазір жетерін,
Білмеймін тіпті
қайғың мен
Корқыныш деген не екенін...



Маған кесек атушылар болса да,
Мен біреуге кесек атқан пенде емен.
Көкірегіме ашу-ыза толса да,
Кетеді бір желліп өткен желменен.

Маған басын июшілер болса да,
Мен біреуге басымды иген пенде емен.
Тас төбеме тауы келіп қонса да,
Тал шыбықтай тәлтіректеп көрмегем.

Біреу адал қолын созып шакырса,
Мен бәлсініш,
шалқаятын пенде емен.

Сол батырсын тұнғиыққа батырса,
Сол батырмен бір кірейін көрге мен...



ДОМБЫРА

Бәкір Тәжібасовқа

Өзіңсің жалғыз іңкәрім,
Өзіңсің менің шын ием,—
Армандай күткен тұлпарым,
Маңдайға біткен дүнием...

Караушы ем күнде ерінбей,
Қалды ма деп бір шаң тұтып.
Тұрушы ең үйдің төрінде
Даламның нісін аңқытып.

Сөзді де маган жолатиай,
Сабактап алыс-жақыншан,
Сурылып,
келген қонаққа
Сөйлеуші ең менің атынан.

Со кезде сен бір агар ең
Сиқырлы сазбен тербетіп,
Сонау бір сылкым дағамен
Сагынған жанды селдетіп.

Көрінбей ешкім көзіңе,
Кеудене тектіз құйылып,
Қарагаш жанды өзіңе
Алар ең тартып үйіріп...

Салқындал самал,
кеш кірмей,
Самарқау тартып ажарың,
Бара ма даусын естілмей,
Тарқамай келген базарым.

Калғандай қазір елсізде,
Сүземін саған көзімді,
Дүниеге мынау —
сенсіз мен
Жеткізем қалай сөзімді.

Кіреуке бұлтған арылып,
Көтерші қайта еңсей,
Баяғы кездей
тағы бір
Салайын топқа мен сені.

Салшы бір қайта есіне
Сонау бір алыс өткенін,
Арманда жүрген есіл ер
Сайрандан қайтын көктемін!



Қаумалаган қалың құлқі жаш-жағым,
Жүрміз кезін ақша бұлттың ар жагын.
Осы кезде елтің түреан ауага
От тигізсөң,
атылардай ак жалын.

Өрт жігіттер отындай кіл садактың
Дертіл алған жалынымен шараптын...
Мен біреудің тамағынан иіскеп,
Мен біреуге мандайымнан жалаттым.

Дуылдаган досым қандай көп менің,
Олай болса,
тартынғаным — не еткенім?!

Жалғыз гана солар еді жоғым да,
Енді менің дүниеде жок кемім...

Бір-ак жұмып,
аштым қайта көзімді,
Жогалтардай жаңағы бір кезімді,
Кас қакқанша не бол кетті,
жаным-ау,
Жаң-жагымнан көрем жалғыз өзімді.

Тауып алған тобым қайда жаңағы,
Жүргегімді елжіреткен жанары...
Көз алдымнан іздерін де жасырып,
Бозғыл тұман басып алған даланы.

Өтті күнім,
кетті жылым қаншалық
Көрінгенмен күшақтасып,
эн салыл.
Келем төзіп не көрсем де бәріне,
Шын досымды табам ба дең жан салыл.



БҰЛАҚ ӘНІ

Сонау бір шыңда өстім мен,
Тозаң мен шаңнан адамын.
Тұнығым менің
еңкімге
Тигізе көрмес залалын.

Ешкім де қазір
шалғайдаң

Естімес бәлкім үнімді,
Татып бір көріп таңдайға,
Тыңдаған білер сырымды.

Шайқасын дала дауылы,
Үстімнен кара жел төнін.
Жатармын тыныш бәрібір
Жагамды шалғын көмкеріп.

Ішінде қалып дүлейдің,
Жатса да құнде құм ойнап,
Толқынның
өзге біреудің
Тұнығын кетпес лайлап.

Қалжырап әбден өз әлім,
Төнсө бір қауіп тәбемнен,
Жерімнің лай-тозаңын
Кетермін жуып денеммен...



Алыстау жүрсін
армандаң қашып,
Аспаннан гөрі
арамыз алшақ.
Таулардан асып,
дарилялар басып,
Жылда бір әзер
табамын ацсан.

Өтемін ағыл
талай шындардан,
Серігім жалғыз
көктегі баршын...
Асулар көп-ак,
абайсыз жолда
Адасын кетсем,
жетпейді даусым.

Жетпейді даусым
іздеген кезде,
Жетпейді содан
маған да бір күй.
Бір жақын бейне
ілінбей көзге,
Жүремін соған
алаңдал ылғи.

Күндерім менің
өтеді толқып,
Сен жақтан хабар
кешігіп жатса,
Кобалжып көңлім,
кетемін коркып,
Мезгілсіз біреу
есігім қақса...



КӨКТЕМ

Тәкаппар таулар жол бөгел,
Тотықпай жүзің жел, күнге,
Кек ала шыңнан өрмелеп,
Көктемім, аман келдің бе?

Сен келген сайын бір түлөп,
Аламыз желпіп кеудені..
Барады тауға күркіреп,
Бұлттың да соңы керуені.

Сілкінің сенің алдыңан,
Суланған шашын тал тарап,
Тосады бетін жаңбырға
Шалғындар белде шалқалап.

Оранды бүгін жар сынды
Тогайлар торғын жібекпен.
Естіген кезде даусынды
Оның да бойы дір еткен.

Карайлаш сонау адырға,
Қайталап айтып қаз үнін,
Жартастың жүзі жадырап,
Жасырды беттен әжімін.

Көтерді басын қыр гүлі,
Сиқырлы нәзік күй тыңдал,
Сағынған құстар бір-бірін
Кездесіп жатыр қиқулап.

Алаулап балғын рені,
Кыздар да сол бір
 құстардай,
Кеудеге сыймай жүрегі
Эйнектен шығып үшқандай...

Сәулеге толып етегің,
Осылай ылғи күттіріл,
Өмірдің тәтті екенін
Кетесің бізге үктырып.

111

Тұрдым бір жардың шетінде,
Жанымның үрлеп шоқтарын.
Белгісіз —
осы бетімде
Қай жерге барып тоқтарым.

Зуласам деймін іркілмей
Үксап бір асау құйынға.
Кек жиек жатыр кілкілде,
Сонау бір алыс қырда.

Шанамның басын туралап,
Сол жаққа қарай үштім мен.
Азынап сокқан жұлмалап,
Асырып желді үстімнен.

Сүңгідім жұмбак тереңге
Шайқалып барып, шақ қалып.
Суылдаپ-сузып төбемде
Сиқырлы толқын жатты ағып.

Зулар ем ұзак тынбастан,
Тарқатып жаным құмарын.
Есімді жияр-жимастан
Етекке барып құладым...

Саған да соңша құмартып,
Жалындан жаңа үстап ем,
Жалт беріп өте шығатын,
Жас гүмір, соңдай қысқа ма ең?!



КҮТЕМІН СЕҢІ

Төлесен Айберкешовқы

Қаша рет көрдің...

Қаша рет көлдің үйіме,

Өсірдің қаша...

Қосылдым қаша күйіңе?

Мен әлі сені

Сәбидей күтем, Жаңа күн,

Мен әлі саган

Сәбидей сенем, Дүние!

Тауларым да әлі,

Аспаным да әлі жап-жаңа,

Жаңа бір күнің

Жас ісі бар қарда да.

Сипайды баяу

Балауса жүзін даланың

Жал-жанағана

Тараған жұпар таңғы ауда.

Көктем де келер,

Кек ала бұлттар көшер кен,

Оранып шыққа,

Көздерін ашып өсер көк...

Далама менің —

Мен бұрын есте көрмсегін

Бір ак жаңбырдың

Құятыны анық нөсерлеп.

Желменен бірге

Тербелген талай сиқырлы эн,

Кезі жоқ менің

Қырымда бір сат күй тынған...

Мен бұрын есте

Естімей жүрген дауысын,

Бір акку-каздың
Оятары анық үйкемнан.
Күтемін соны,
Күтемін сені тұн қатып,
Сәбидей сеніп,
Жүргімді аттай тулатып...
Әзірge мейлі
Алystап жүрсін ол менен
Әйтеуір маған
Келетін анық бір Бақыт!



БҰЛБҰЛ

Тірлікте мынау қым-куыт,
Пенденің ісі бітер ме?
Көшеде жүріп, бір жігіт
Кірді кеп ашық дүкенге.

Қарады байқап жаш-жагын,
Дүкениң іші — құс кілең,—
Жаш-жасыл құйттай талдардың
Жорғалап жүрген үстімен.

Жағалай —
темір тор менен
Көгілдір-жасыл шынылар...
Өмірде бұрын көрмеген
Торғайдың иеше түрі бар.

Елеңдел әрбір дыбыска
Жүр еді жігіт алақтап,
Біреулер тұрды бұрышта
Бұлбұлды сырттай мадақтап.

Шырқайтын кезі болды ма,
Сезді ме алде бұларды,
Бұтаққа қонып алды да,
Бастады бұлбұл бір әнді.

Салды-ай кеп сиқыр әуенге,
Кім білер сырын үл әннің
Бұлбұлдан басқа әлемде
Бұл әннің жәйін үғар кім.

Сазымен соның әннің
Косылды бәрі бірінде.
Шырқады сосын
бәрінің
Денесі түгел дірілдеп...

Сайрады-ау байғұс жанымен
Сол жерде барын төккендей.
Өзі де бір сәт әнімен
Ауаға сіңіп қеткендей...

Тағдырын солай жыр ғылды
Тамсантып жұртты үніне...
Сол жолы жігіт бұлбұлды
Әкелді сатып үйіне.

...Әр күні жыздай,
арада
Ақырын жылжып ай да өткен.
Әнші күс ылғи далаға
Отырды қарап әйнектен.

Бейтаныс, бөгде біреудің
Торына түссе де именбей,
Алғашқы кезде бірер күн
Сайрады бақта жүргендей.

Содан соң —
алыс армандаң
Айрылды саңдаң біртіндең.
Күйс бол қана қалғандаң
Көмейдің тұсы бұлжілдеп.

Іздейді көңіл сыңарын,
Елестер көзге тау іші...
Төңкеріп көңіл бұлағын
Сырттагы құстың дауысы.

Тымырсық үйдің ауасы
Тарылта түсті қеудесін,
Табылмады әннің дауасы,
Өзі де білді келмесін.

Не керек тірі болғанмен
Кор болды сыйгіп қайран құс...
Бұлбұлды сатып алғанмен,
Сатылмай кетті-ау ол байғұс.



ЖАЙЫҚ

Көрдім де дидарыңды жалт қарадым,
Сен бе едің сан іздеген әппак әйім...
Ілеңде ағыныңмен кетті ілесіп,
Кеудемде бір жел тілеп жатқан ағын.

Мен соның скінімен кеттім еріп,
Үйрілген көбелектей отты көріп.
Экеттің орап алып толқыныңмен
Жайылып жалқынданып көкті керіп.

Экеттің төз жаққа ағысынмен
Ақ жалын Атыраудың таңы сүйген,
Коздырыш жұдырыктай бал-денемді
Қашаннаң ата-баба қаңы сіңген...

Бергендей осы кезде желіне ерік,
Құшардай аспан астын тебіренін,
Кек төзіз ақ маржанын атты аспанга
Жарқырап келе жатқан сені көріп.

...Бір кезде бір-бірінен алшақ тұрып,
Жүрсе де кайран басын сан-сакқа ұрып,
Кім білген —
дәл осылай құдіреттердің
Жатарын бір-біріне аңсан құйып!



ОРКИІК

Бір уыс бұлттай бал дене
Суырылып шыгып ақ нұрдан,
Көзімнен үшқан сәуледей
Зу ете түсті-ау алдынан.

Жөнелді-ау желмен өбісін,
Тұңғиық түпсіз аймакқа...
Жалғаның жалғыз серісі,
Барасың жалғыз қай жакқа?!

Басыңда қандай туды күн,
Қалды ма көңлік жат елден,
Құйын бол жүрген мұңдығым,
Құтылармысың қатерден?

Еркелеп қырдың таңына,
Жанаңың шықтай мөлдірең,
Кездесермісің тағы да,
Көрісермісің соңғы рет.

Сен бе едің алау шаттығым
Зұылдал өтер бір келіп.
Дүниенің мөлдір пәктігі
Өзінмен ғана жүр ме еріп,

Кеттің-ау бетке күнді үстап,
Шыққандай жаңа пейіштен...
Сен ұшқан жакқа бірге үшты-ау,
Менің бір әппақ періштем.



АЛМАТЫДАҒЫ ЛЕНИН ҚӨШЕСІ

Дұылдал осы көшемен
Жүруші ек біздер бір уақта...
Шай ішіп жалғыз кесемен,
Жантайып жалғыз сырмаққа.

Жүруші ек
аяз өткенде
Кеудені жырмен жылтып-ак,
Қалатын біздер өткенде
Көшениң буы бүркырап.

Көрсек те бәрін не күйдің,
Көрмеуші ек мұңға біз батып.
Жатса да күңгірт жер үйдің
Жарына җазда мұз қатып.

Тұратын сыртта тал көктеп,
Ауаны тербеп дірлі.
Түсетең жалғыз әйнектен
Тал түсте күннің сынығы.

Тұратын үйлер шак қана
Біріне-бірі асылып,
Көгілдір-жасыл қақпалар
Сырттагы көзден жасырып...

Арада талай жыл кетіп,
Талай су акқан ангардан.
Атқарып асыл міндетін
Қақпалар қоныс аударған.

Секілді қала жүрегі
Хіккесіз қазір бұл ара,
Куалап түннің түнегін
Козғалып жүрген мұнара.

Аспанға берген салюттей
Алауға бояп жаш-жағын,
Тұңғиык көктен ағып кеп,
Шашырап жатқан ақ жалын...

Алатай жақтан күн де бір
Ақша бұлт келіп ақырын,
Осында түрған үйлердің
Өтеді жуып шатырын.

Өзің де жайнап өтесін,
Тұргандай биік өзгеден.
Әлемге Ленин көшесі
Қарайды миллион көзбенен...

